

## «ZOOM АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚЫЗЫҚТЫРУ, БАҒДАРЛАМАНЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ»



*Әлкен Қазыбек Бақытұлы*

*Нұр-Сұлтан қаласының Техникалық колледжінің  
арнайы пәндер оқытушысы*

*Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ауданы, Жамбыл Жабаева көшесі, 14 үй  
[kazybek.kz94@mail.ru](mailto:kazybek.kz94@mail.ru)*

### **Андатпа (аннотация)**

Қазіргі таңда қашықтықтан оқыту арқылы білім алуға мәжбүр болып отырмыз. Бейнесабақтар – қашықтықтан оқыту үрдісінде оқытудың ең тиімді әрі мәжбүрлі формасы болып отыр. Осы жағдайға байланысты Платонус, Kahoot, Plickers, Zoom сияқты көптеген бағдарламалар пайда болды. Кейде қашықтықтан оқыту барысында біз білім алушыларды бір сабақтың үстінде 2 немесе одан да көп бағдарламалармен жұмыс істетуге мәжбүрлейміз. Бағдарламалардың көптігінен білім алушының зейінін жоғалтып алуымыз мүмкін. Мысал ретінде білім алушы сабаққа қатысуы үшін «Ватсап» бағдарламасы арқылы топтың группасына кіреді. Одан әрі «Платонус» бағдарламасына қосылады. Одан кейін Zoom секілді видеожүздесуге арналған бағдарламаларды қолданады. Менің ойымша, осындай көптеген бағдарламалар білім алушының білім алуына көмектеспейді, ойын бұзады және де білім алушылардың мегабайттарын, ал кей жағдайларда бірліктерін азайтады.

Бейнесабақтарды қолдану менің тәжірибемде оқыту процесін және сабақты меңгеру тиімділігін арттыратынын көрсетті. Бейнекурстар – сөз, дыбыс, сурет, сан түрінде берілетін ақпаратты өңдеудің мықты құралы болып табылады. Оқыту үрдісін белсендіріп оған зерттеу мен іздену сипатын береді. Әр оқытушы бейнесабақты мен ұсынып отырған әдістеме бойынша сапалы дайындап шығады. Камераға немесе монитор экранын жазып алу бағдарламалары арқылы жазылған, дыбыстық сүйемелдеуі бар белгілі бір тақырып бойынша жүйеленіп, таңдалған бейнесабақтар тобы түрінде

жинақтап, студенттерге ұсына алады. Көрнекі болу үшін арнайы компьютерлік анимация, соның ішінде интерактивті анимация қолданылады. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі студенттерге сурдоаударманы қосып өңдеуге болады.

Менің ойымша біз Zoom бағдарламасын толығымен қолданбағандықтан басқа да бағдарламаларға жүгініп жүрміз. Қазіргі таңда Zoomнан басқа бірде бір бағдарлама 100 мегабайтқа сақталынбайды және ең аз жадыны қамтамасыз етеді. Сондықтан сіздерге төменде зум бағдарламасымен қызықты әрі терең түрде қолдануды көрсетемін, және де бізде барлық білім алушылар онлайн түрде қатыса алмағандықтан 35 минуттық видеосабакты сақтауға болады. Мысалға 35 минуттық видео материалды небәрі 105 мегабайт қылып сақтайды. Қоса кету керек, балалар сабаққа белгілі бір себептермен қатыса алмаса бейнематериалды жіберуімізге болады. Егер, білім алушыға түсініксіз болса ол сабақты көшіріп алуына мүмкіндік бар.

Төменде сіздерге Zoom бағдарламасында көптеген қосымшаларын ұсынып отырмын:

- Жеке электронды тақтасы бар
- Түрлі түсті меңзегіштер бар (указка)
- Топқа бөліп жұмыс істеуге болады
- Фонды өзгертуге болады
- Фильтрлерді қолдануға болады
- Бейнеосабакты жазуға болады
- Слайдтарды және видеоматериалды көрсетуге толығымен мүмкіндік береді
- Видеожазба жүргізуге болады

Онлайн және қашықтықтан оқыту әлем бойынша өте қарқынды дамуда және болашақта оқудың кей бағыттары толығымен қашықтықтан оқытуға көшуі мүмкін. Себебі ол көптеген білім алушыларға өзіне ыңғайлы уақытта білім алуға мүмкіндік береді. Сондықтан әлемдік онлайн платформалардың рейтингі күннен күнге өсіп келе жатыр.

Мәселе пандемияға ғана байланысты емес, мүмкіндікте болып тұр. Қашықтықтан оқыту білім алушыларға оқу қарқынын таңдауына, комфортты түрде білім алуға, онлайн түрде керекті ақпараттарын біліп алуға кең мүмкіндік береді.

## Мазмұны

### **1 Бөлім. Zoom бағдарламасында бейнекездесулерді алдын ала жоспарлау және мүмкіндіктері**

- 1.1 Қашықтан оқыту ерекшеліктері
- 1.2 Бейнекездесулерді жоспарлау және мүмкіндіктері
- 1.3 Бейнекездесу барысында алдын ала «кабинет дайындау», артқы фонды ауыстыру
- 1.4 Zoom бағдарламасымен құжаттарды ворд, эксель және т.б. құжаттарын жіберу
- 1.5 Бейнекездесу процесінде ерекше фильтрлерді қолдану
- 1.6 Бейнекездесу барысында «Цифрлық make up» істеу
- 1.4 Бейнекездесулерді құрастыру барысында Zoom бағдарламасының қосымша құралдарымен жұмыс жасау

### **2 Бөлім. Zoom бағдарламасы арқылы видеосабактарды жазу**

- 2.1 Интерактивті тақтаны қолдану
- 2.2 Экрандағы іс-әрекеттің бір бөлігін жазу «часть экрана»
- 2.3 Түрлі түсті қаламдармен, өшіргіш пен тақтаны қолдану және де тақтаның сұлбасын тез арада сақтау
- 2.4 Екі одан да көп адамдардың зуумды бірігіп өткізуі
- 2.5 Чатты қолдану
- 2.6 Реакцияларды қолдану
- 2.7 Сочетания клавиш жану кнопкаларын басу

### **3. Бөлім. Zoom бағдарламасын қолдану әдебі**

- 3.1 Вебинарларға қосылу тәртібі
- 3.2 Қатып қалмас үшін не істеу керек?
- 3.3 Жеке фотоңызды қою қажет

## Кіріспе

Коронавирус індетінің кең таралуының алдын алу мақсатында еліміздегі барлық білім беру ұйымы қашықтықтан оқытуға көшірілді. Мемлекет басшысының жарлығымен 2020 жылдың 16 наурызынан елімізде төтенше жағдай жарияланды. Карантин режимі барлық қазақстандықтың өмір сүру дағдысын өзгертті, білім беру саласын да айналып өтпеді. Педагогикалық тәжірибемізде танымал оқыту түрлері қалыптасқан. Олардың ішіндегі ең кең тарағандары: дәрістер, семинарлар, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, емтихандар және т.б. Ал осы оқыту түрлерін қашықтықтан оқыту барысында қалай ұйымдастыра аламыз?

Бейне сабақ - бұл қашықтықтан оқыту формасы, оның көмегімен біз қашықтықтан оқыту үрдісін жеңілдете аламыз, оқытушының сабақ тақтасындағы дәрісін бейнекамераға немесе компьютерде дауыстап жазумен ауыстыра аламыз. Студенттерге бейнесабақтар арқылы қол жетімді білім бере аламыз.

Ал осы бейнесабақтарды өткізу және жасау жолдары бүінгі таңда өзекті болып келеді. Сондықтан осы әдістемелік құралда Zoom бағдарламасы бойынша оқытушы бейнекурстарын өткізу және жасау жолдары түсіндіріледі.

Жұмыс барысында мынадай мәселелерге шолу жасалды:

- Ақпаратты қабылдаудың аудиовизуалды құралдарының теориялық аспектілерін зерттеу;
- Оқыту процесінде қызықтыра отырып бейнесабақтар ерекшеліктерін және оны қолданудың артықшылықтарын қарастыру;
- Бейнекурстарды өткізу және сақтау үшін қолданылатын бағдарламалық камтамасыздандыру құралдарынмен танысу;
- Мультимедиа құралдарының оқытуда қолданылуын талдау;
- Zoom бағдарламасын толық меңгеру;
- Zoom бағдарламасы бойынша оқыту курстарын жасақтау.

### 1 Бөлім. Қашықтан оқыту ерекшеліктері

#### 1.1 Медиалды қашықтықтан оқыту құралдарының ерекшеліктері

Қазіргі таңда білім алу мен білім беру барысында білім алушыларды максималды түрде қызықтыру қажет. Себебі ақпарат легі көп болғандықтан зейінің тақырыбына шоғырландыру маңызды. Медиа ақпаратының зерттеулеріне сәйкес тұтынушыны қызықтыру алғашқы 4 секунд ішінде болады, егерде осы сәтте қызықтырмасақ басқа ақпараттарға ауыстырып жібереді. Білім беру барысында да дәл осы сияқты қызықтыруымыз қажет. Осы тұрғыда Zoom бағдарламасы арқылы сабақты немесе вебинарларды креативті әрі тиімді өткізуге болады.

Zoom бағдарламасын 40 минутқа дейін тегін қолдануға болады. Бағдарламаны 100 адамға дейін көруге мүмкіндік бар. Қатыса алмаған білім алушыларға өткен сабақты сақтап жіберуге болады. 40 минуттық сабағымыз көбіне 100 мегабайттан аспайды. Ал видеосабак жазатын өзге платформалардікі 250 мегабайттан 1 гигабайтқа дейін жетеді.

Бейнесабактар сөз, дыбыс, сурет, сан түрінде берілетін ақпаратты өңдеудің мықты құралы болып табылады. Бейнесабактарды қолдану арқылы аудиторияны белгілі бір жұмысқа жылдам бағыт беріп, баптауға, оқыту процесінде жаңа ойлау дағдыларын қалыптастыруға, күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Аудиовизуалды оқыту құралдары (лат. Audire – есту және visualis көзбен көру) – экрандық және дыбыстық нұсқауларды қамтыған және оқыту процесінде кеңінен қолданылатын техникалық оқыту құралдарының ерекше тобы.

Аудиовизуалды оқыту құралдары бөлінеді (Ляховицкий классификациясы);

1. визуалды (көзбен көру) құралдар (видеограммалар) – сурет, кесте, сызба, сурет салу өнерінің өнімдері, транспаранттар, диафильмдер, диапозитивтер;

2. аудитивті (есту) құралдары (фонограммалар) – дыбыс әуендері, магниттіжазулар, радиохабарлар;

3. аудиовизуалды (көріп есту) құралдар (видеофонограммалар, фильмдер) – дыбыс жетекшілігі бар кино-, теле- және диафильмдер.

Мысалы, қазіргі таңда фильмдер көру барысында көптеген спецэффектермен өзіне тартады. Осындай ерекше мүмкіндіктер синтезі тәрбие беруде және оқыту процесінде жақсы әсер береді. Сонымен қатар бұндай жағдайда көрнекіліктің дидактикалық принципі, білім алушыны жеке және барлық білім алушыларды қатар қамтып оқыту мүмкіндігі жүзеге асады. Яғни сабақтың мотивациялық жағы күшейеді.

## **1.2 Бейнекездесулерді жоспарлау және мүмкіндіктері**

Бейнекездесулер қашықтықтан оқыту барысында көп қолданылады. Бейнекездесулерді қолдану олардың оқыту процесін және сабақты меңгеру эффективтілігін арттыратынын көрсетті. Бейнекездесулер нақты мәселелерді шешуде, әрбір білім алушыға жекелей жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Бейнекездесулер сөз, дыбыс, сурет, сан түрінде берілетін ақпаратты өңдеудің мықты құралы болып табылады. Бейнесабактарды қолдану арқылы аудиторияға белгілі бір жұмысқа жылдам бағыт беріп, баптауға, оқыту процесінде жаңа ойлау дағдыларын қалыптастыруға, күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Бейнесабактар оқыту үрдісін белсенді өткізуге жағдай жасайды және оған зерттеу мен іздеу сипатын береді. Оқулық, кинофильмдерге қарағанда бейнесабактар сабақтан қалып бара жатқан білім алушыларға танысқан

Әдістемелік құрал.


материалға қайта оралуға, оны қайталауға, жақсы дайындалған білім алушыға күрделі деңгейден өте күрделі деңгейге өтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқу жеке түрде де оңай жүзеге асады.


Бейнеоқыту көбінесе қашықтан оқыту кезінде өздігінен білім алу үшін қолданылады. Бейнеоқыту ерте кезден белгілі құралдардың бірі. Мысалы, XX ғасырдың 30 жылдары Совет Одағының ұшқыштары оқу кезінде қолданған. Арнайы оқу фильмдерін түсіру үшін студиялар салынған. 60-80 жылдары СССР-да университет дәрістерді теледидар арқылы берген.

Бейнесабақтардың эффективтілігі: дыбыс сүйемелдеуі бар бейнеақпаратты қабылдау – бірінші рет қарағаннан кейін 51 %, терілген мәтін арқылы сондай ақпаратты қабылдау – 9%, дыбыстық ақпарат арқылы – 17%.

Төменде ZOOM бағдарламасымен кездесуді жоспарлауды көрсетемін:


1) «Запланировать» батырмасын басамыз





2) Көк түсті нұсқағышпен көрсетілген «Зал ожидания» батырмасын басуды ұмытпаңыздар. Себебі көптеген вэбинарларға қатысқанымызда бізді кіргізу үшін аландап жатады.

2.1) Сары түсті нұсқағышты басып «Расширенные параметры» батырмасын басып қосымша мүмкіндіктерін ашамыз.



3.1) Жасыл түсті нұсқағыштармен көрсетілген нұсқағыштарды басып көрулеріңізге болады.

Әдістемелік құрал.


Бейнекездесу барысында алдын ала «кабинет дайындау»

## 1.2 Бейнекездесу барысында алдын ала «кабинет дайындау»


Бұл бағдарламаның ыңғайлылығы өте жоғары сатыда. Себебі барлығымызда кей жағдайларға байланысты немесе сабақтың артқы застафкасын асемдегін келеді.

Сіздерге төменде жеке сабақ өткізетін орнызды асемдеуді көрсетемін.

1) Сары түсті нұсқағышпен көрсетілген «Настройки» батырмасын басамыз.



2) Сары түсті нұсқағышпен көрсетілген батырманы басамыз




3) Қызыл түсті нұсқағышпен көрсетілген артқы фонды тандайсыз

3.1) Жасыл түсті нұсқағышты басып алдын – ала сақтап қойған суретті қоя аласыздар




Әдістемелік құрал.




### 1.3 Zoom бағдарламасымен құжаттарды ворд, ексель және т.б. құжаттарын жіберу

1) Ақ түсті нұсқағышпен көрсетілген «Чат» батырмасын басып




2) Қара түсті нұсқағышпен көрсетілген батырманы басып кез келген ворд немесе басқа да құжаттарды жібереміз






### 1.4 Бейнекездесу процесінде ерекше фильтрлерді қолдану


- 1) Сары түсті нұсқағыштармен көрсетілген батырманы басамыз
- 2) Қызыл түсті нұсқамамен көрсетілген кез- келген фильтрді таңдайсыз




- 3) Жасыл түсті нұсқағышпен көрсетілген батырманы басып



4) Ер адамдарға виртуалды түрде қас және сақал істеуге болады




4) Ал ернін виртуалды түрде бояймын деушілерге осылай істеуге болады.



## 2 Бөлім. Zoom бағдарламасы арқылы видеосабактарды жазу

### 2.1 Бейнекездесулерді және бейнесабактарды жазу

1. Zoom бағдарламасы арқылы дыбыс сүйемелдеуі бар экрандағы бейнені жазу бағдарламасы орналасқан және қосымша аудио жазу құрылғыларын қосуға болады.




2. Бейнені жазып қоймай, оны онлайн түрде сақтайды, скриншоттарды түсіруге мүмкіндік береді. Мәтінді, бағыттауыштарды, керекті фрагменттерді ерекшелеуге арналған төртбұрыштарды қосу мүмкіндігі бар. Бағдарлама шыққан нәтижені өзіңіз сақтағыңыз келетін папкаға салып қояды, Егер микрофон болса, дыбысты жазуға болады.




3. Презентация және бейнесабактарды осы бағдарламаның ішінде көрсетуге болады, ал қажет болған жағдайда «остановить» деген пернені басып меңзегішпен жұмыс жасап түсіндіруге болады.
4. Жазылған бейнематериалды бейне-сервистерге жүктеуге болады.
5. Бейне және аудионы жазудан басқа мынадай мүмкіндіктері бар белгілі бір элементтерді үлкейтіп көрсету үшін бейнені түсіндіру, жазу кезінде кез келген фигураларды сызуға болады.
6. Презентация мен интерактивті оқыту курстарын жазуға өте қолайлы бағдарлама.

## 2.1 Интерактивті тақтаны қолдану

Интерактивті тақтаны қолдану «Доска сообщения» батырмасын басып, сызбаларды салуға болады. Артықшылығы тек қана ұйымдастырушы ғана емес кез келген қатысушы сала алады.



2.2 Экрандағы іс-әрекеттің бір бөлігін жазу «Часть экрана»  
«Часть экрана» батырмасының ерекшелігі монитордың барлық бетін емес, тек бір бөлігін ғана көрсетеді және жазады.



Әдістемелік құрал.


### 2.3 Түрлі түсті қаламдармен, өшіргіш пен тақтаны қолдану және де тақтаның сұлбасын тез арада сақтау



### 2.4 Сабақты екі, одан да көп адамдардың Zoomда бірігіп өткізуі




### 2.5 Чатты қолдану



## 2.6 Реакцияларды қолдану



## 2.7 «Сочетания клавиш» деген жану кнопкаларын басу



Әдістемелік құрал.

### **3Бөлім. Zoom бағдарламасын қолдану әдебі**

Zoom конференциясына қатысу барысында видео және аудио құрылғыларын тексеріп, оларды өшіру қажет. Себебі динамиктен шыққан дыбыс микрофонда жаңғырығып, спикердің даусы естілмейді.

#### **3.1 Қатып қалмас үшін не істеу керек?**

Конференцияға қатысу барысында видео тұрып қалып жатса, видеокамераны ағыту қажет. Фонға суретіңізді қойсаңыз суретіңіз тұрады.

#### **3.2 Жеке фотоңызды қою қажет**

